

Список литературы:

1. Кодекс Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года № 120-vi «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2023 г.) [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)
2. Закон Республики Казахстан от 31 августа 1995 года № 2444 О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.01.2023 г.) [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)
3. Кодекс Республики Казахстан РК об административных правонарушениях (с изменениями и дополнениями по состоянию на 06.02.2023 г.) [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)
4. Зима О.В. Дискуссия о месте и роли коммерческих банков в системе налогового администрирования. //Налоги. 2012. № 3. С. 8-10. //elibrary.ru/item.asp?id=18229565
5. Кузнеченкова В.Е. Процессуальный порядок привлечения банков к налоговой ответственности // Банковское право. 2004. N 4. – С.50-56

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНЫ

Сатбаева Қ., з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті

Ел Президенті өзінің 2022 жылғы 16 наурызда Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы арқылы қазақстандықтарға саяси жүйені кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынды [1].

Аталмыш Жолдауда Президент, басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшу қажеттігі туралы баяндау барысында Парламенттің рөлін күшейту «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашатындығын баяндады. Мемлекет басшысы алдағы уақытта Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұрғанын, Жаңа Қазақстанның азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналатынын, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты басшылыққа алынатынын мәлімдей келе, осы стратегиялық мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін бірқатар бастамаларды ұсынды.

Бұл келесідей ұсыныстар:

1. Партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне мүлдем жол бермеу;
2. Президенттің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің рөлін айтарлықтай арттыру, сол арқылы мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайту;
3. Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізу;
4. Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды, тек ұсынатын болады;
5. Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құру және Мәжілістің мәртебесін арттыру мақсатында Жоғары аудиторлық палата төрағасының Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруі;
6. Мәслихат төрағасы лауазымын енгізу;
7. Заңнамаға Президенттің облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны баламалы негізде ұсыну құқығын реттейтін түзетулер енгізу;
8. Пропорционалды-мажоритарлы үлгідегі Аралас сайлау жүйесіне көшу;
9. Аралас сайлау үлгісін облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізу.
10. Аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіру;

11. Партияларды тіркеу ресімін едәуір жеңілдету үшін тіркеу шегін – 20 мыңнан 5 мың адамға азайту;

12. Конституциялық сот құру;

13. Азаматтардың түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгінуі;

14. Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін беру;

15. Прокуратура және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдар қабылдау және т.б. [1].

Бүгінгі күні мемлекет басшысының аталмыш Жолдауда айтылған Жаңа Қазақстанды құру бойынша мемлекеттің алға қойған мақсаттарына сәйкес бағдарламалық ұсыныстары жүзеге асырылуда.

Ел Президентінің құқық қорғау институттарын күшейту мақсатында жасаған ұсыныстары Конституциялық Сот құру туралы ұсыныстан басталады. Себебі, Конституциялық Сот еліміздің Негізгі Заңының үстемдігін қамтамасыз ететін орган болмақ.

Тәуелсіз Қазақстанда алғаш рет Конституциялық сот органы 1993 жылғы Қазақстанның алғашқы Конституциямен құрылып, 1993-1995 жылдар аралығында жұмыс істеді. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясымен конституциялық бақылау органы – Конституциялық кеңес құрылды.

Республика Президенті Қ-Ж.К. Тоқаевтың Жолдауы негізінде 2022 жылдың 5 маусысында Республикалық референдум жолымен еліміздің Негізгі Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес 2022 жылдың 5 қарашасында қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық Заңға (бұдан әрі – Конституциялық заң) сәйкес Конституциялық Сот органы құрылды [2]. Аталмыш орган осы уақытқа дейін конституциялық бақылауды жүзеге асырған Конституциялық Кеңестің орнына келді.

Конституциялық бақылау – бұл заңдар мен өзге актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеруді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жоғары деңгейде қорғауды, билікті бөлу қағидатын орындауды қамтамасыз ететін демократиялық институт. Конституциялық бақылау – сот органдары немесе арнайы құрылған мемлекеттік орган жүзеге асыратын, заңдардың және өзге нормативтік құқықтық актілердің Конституция ережелеріне сәйкес келуін бақылау. Конституциялық бақылау билік бөлінісі мен саяси және идеологиялық әралуандылық орын алған және жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары кепілдендірілген құқықтық, демократиялық мемлекетке тән институт.

Қазіргі уақытта конституциялық бақылау органдарының келесідей үлгілері бар:

- соңғы инстанциясы Жоғарғы Сот болып табылатын конституциялық бақылауды жалпы юрисдикциялық соттардың жүзеге асыруы;

- арнайы құрылған сот органдары жүзеге асыратын еуропалық үлгі (конституциялық соттар – ҚР Конституциялық соты);

- сот жүйесіне жатпайтын арнайы құрылған органдар жүзеге асыратын «квазисот» органдары (бұрын ҚР-да мұндай орган – Конституциялық Кеңес болған).

Конституциялық сот та, «квазисот» органы да қылмыстық, азаматтық және өзге де сот істерін қарамайды. Екеуі де тек конституциялық бақылау функциясын жүзеге асырады. Ерекшелігі: квазисот органдары істі конституциялық іс жүргізу тәртібімен қарайды, ал конституциялық сот болса істі сотта іс қарау тәртібімен жүргізеді. Ондай істі жүргізуге куәлар, тараптардың өкілдері, БАҚ, өзге мүдделі емес тұлғалар қатысуы мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылау:

- бейтараптық және объективтілікпен;

- бақылауды жүзеге асыратын органның ешқандай мемлекеттік билік тармақтарына кірмейтін дербестігімен (Жоғарғы Сотқа және төменгі соттарға қатысты жоғарғы сот сатысы болып табылмайды);

- мемлекетте және қоғамда конституциялық заңдылықты сақтауға және қамтамасыз етуге бағытталған ерекше құзыретке иелік етуімен ерекшеленеді.

Конституциялық Сот Республикадағы конституциялық бақылау органы болып табылады. Ол 11 судьядан, соның ішінде Конституциялық Соттың Төрағасынан және орынбасарынан тұрады. Конституциялық Соттың Төрағасын лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті Парламент Сенатының келісімімен тағайындайды, Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды. Сонымен қатар Президент Конституциялық Соттың төрт судьясын лауазымға тағайындайды, Конституциялық Соттың үш-үштен судьясын Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары төрағаларының ұсынуымен Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі тағайындайды.

Қазақстан Республикасы азаматының Конституциялық Сот судьясы болуы үшін:

- қырық жасқа толуы;
- жоғары заң білімі болуы;
- құқық саласында жоғары біліктілігі болуы;
- мінсіз беделінің болуы;
- заң кәсібі бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілінің болуы қажет.

Конституциялық Сот судьялары мен төрағасы өздерінің өкілеттік мерзімінде оларға ешкімнің тиіспеу құқығын (иммунитет) пайдаланады. Өз өкілеттігі мерзімі ішінде оларды тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасалған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды (ҚР Конституциясы 71-б. 5-т.) [3].

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының құзырындағы мәселелер тобын Қазақстан Республикасының Конституциясы (72-бап) мен «Конституциялық Сот туралы» Конституциялық заң (23, 24 б.б.) бекітеді.

Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы туралы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді.

2) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды;

2-1) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;

3) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды.

Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған Республика заңдары мен халықаралық шарттарына қол қоюға не тиісінше бекітуге және күшіне енгізуге болмайды. Заңдарды Конституцияға сәйкес деп тану оларға қол қою мерзімінің өтуін жаңартады. Республиканың халықаралық шарттарын Конституцияға сәйкес деп тану оларды бекіту процесін жаңартады.

Конституциялық Соттың Конституцияны қорғау бойынша маңызды өкілеттіктерінің бірі – бұл Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме беруі. Ресми түсіндірме беру тек Конституциялық Соттың құзырындағы мәселе. Басқа ешбір орган, ешқандай лауазымды тұлға Конституция нормаларына ресми түсіндірме бере алмайды.

Конституциялық Сот адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесі көзделген жағдайларда Республика Президентінің өтініштерін қарайды. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды

етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, соттардың өтініштерін қарайды.

Республика Президентінің бастамасымен еліміздің Негігі Заңына Республикалық референдумда енгізілген өзгерістерге сәйкес конституциялық заңнама жаңалығы – бұл Республика азаматтарының, Республика Бас Прокурорының, Адам құқықтары жөніндегі өкілдің Конституциялық Сотқа жолданым жасай алу құқығы. Конституциялық Заңға сәйкес «Республика азаматтарының, Бас Прокурордың, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жолданымдарын конституциялық іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені отырыста қарауды Конституциялық Сот Төрағасының, оның орынбасарының не Конституциялық Сот Төрағасының тапсырмасы бойынша судьялардың бірінің төрағалық етуімен Конституциялық Соттың үш судьясы жүзеге асыруы мүмкін».

Конституциялық Сот:

- азаматтардың өтініштері бойынша олардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды. Азаматтардың жолданымдарын отырыста қарауды Конституциялық Соттың бес судьясынан Конституциялық Сот қалыптастыратын судьялар құрамы жүзеге асыруы мүмкін. Бұл жағдайда Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары бірауыздан ғана қабылданыла алады;

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін Республика Бас Прокурорының өтініштері бойынша қарайды;

- Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.

Конституциялық іс жүргізу Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігі қағидаты негізінде жүзеге асырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ-Ж.К. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы». Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysykasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>

2. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000153>

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ АСПЕКТЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ТРАНСНАЦИОНАЛЬНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ В СОДРУЖЕСТВЕ НЕЗАВИСИМЫХ ГОСУДАРСТВ

*Сидорова Н.В., к.ю.н., ассоциированный профессор, юридический факультет КарУ
им. Е.А. Букетова*

Калмыков Г.И., к.ю.н., доцент, начальник НИЦ № 4 Всероссийского научно-исследовательского института МВД России полковник полиции

Одним из приоритетов внешней политики Республики Казахстан на 2020 – 2030 годы является противодействие транснациональной преступности [1], что проявляется как